



Инфляциялық күтулер

Қазан 2023


- Инфляциялық күтулер жоғары болып қала береді
- Алдағы жылдағы елдің даму перспективалары бойынша бағалауының көтерілу есебінен тұтынушылық көңіл күй жақсарды
- Кәсіпорындардың бағалық күтулері жалпы біртіндеп баяулауды жалғастыруда, бірақ жекелеген салаларда өсім байқалды

Инфляциялық күтулер

2023 жылғы қазан айында күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 18,0% дейін көтерілді, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы 18,7% дейін көтерілді (1-график).

Бағалардың жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы қазан айында 32% дейін көтерілді.

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерін жүргізу нәтижелері, FusionLab

2023 жылғы қазан айында азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 81%-ға дейін айтарлықтай өсті. Бұл ретте ақылы қызметтер бағасының өсуін атап өткендердің үлесі төмендеді (6%-ға дейін).


Тамақ өнімдерінің ішінде респонденттер сүт, ет, және нан-тоқаш өнімдерін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттер азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің арасында ТКШ, интернет және ұялы байланыс қызметтерінің қымбаттағанын, сондай-ақ дәрі-дәрмектер, тұрмыстық химия, киім мен аяқ киім бағасының өскенін байқады (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

Азық-түлік тауарлары



Азық-түлік емес тауарлар және қызметтер



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Тұтынушылардың көңіл-күйі


Тұтынушылардың көңіл-күй индексі 2023 жылғы қазан айында 109,0-ге дейін көтерілді (2023 жылғы қыркүйек айында – 103,0) (3,4,5-графиктер).

Атап айтқанда, еліміздің алдағы жылдағы даму перспективалары бойынша бағалау айтарлықтай көтерілді (11,2 пунктке), бірақ еліміздің 5 жылдан кейінгі даму перспективалары бойынша бағалау аздап төмендеді (1,4 пунктке). Сонымен қатар, бір жылдан кейін жеке материалдық жағдайды бағалау айтарлықтай көтерілді (6,5 пунктке).

Ағымдағы жағдайды бағалауда соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың

бағасы (6,6 пунктке) және ірі сатып алуларға дайындық (6,1 пунктке) көтерілді.

3-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



4-график. Күтулер бағалаулары



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Кәсіпорындардың бағалық күтулері жалпы біртіндеп баяулауды жалғастыруда, бірақ жекелеген салаларда өсім байқалды.

2023 жылдың 3-тоқсанында кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне бағаның өсу қарқыны экономика бойынша біршама баяулады, бірақ сумен жабдықтау мен ауыл шаруашылығында айтарлықтай өсім байқалды. Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары да бағаның өсу қарқынының шамалы өскенін атап өтті. 2023 жылдың 4-тоқсанында көптеген кәсіпорындар бағаның өсу қарқынының баяулауын күтеді, ал ауылшаруашылығы және сумен жабдықтау кәсіпорындары олардың аздап жеделдеуін күтеді (6-график).


6-график. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама **тоқсан** сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 83,6% үшін), сұраныс (82,7%) және еңбек шығындары (72,0%) болып табылады. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша орташа жалақы динамикасы баяулады, қалған факторлар айтарлықтай өзгерген жоқ. 2023 жылғы 4-тоқсанда шикізат пен материалдар, импортталатын өнімдерге бағаның өсуі, сондай-ақ орташа жалақы динамикасының баяулауы күтілуде, алайда дайын өнімге сұраныстың біршама өсуі күтілуде (7-график).

7-график. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама **тоқсан** сайын жүргізіледі

1 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғалар әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы келесі сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы келесі сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2 Тұтынушылық көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді

3 Диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптардың және жартысы өзгеріссіз жауаптардың қосындысы ретінде есептеледі. ДИ - қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән өсуді, 50 деңгейден төмен мән түсуді білдіреді. ДИ мәні 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 373 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар келесі сұраққа жауап берді: "Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?"

* 2023 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген